

Қаламыздағы «Намыс» жекпе – жек клубы облыста үздік шықты



Аталған жарыс Арқалық қалалық «Намыс» жекпе – жек спорт клубының ашылуына орай ұйымдастырылды.

Жекпе – жектен қаламызда тұңғыш рет облыстық деңгейде өткен жарыс көпшіліктің қызығушылығын тудырды. Мұны турнирге жиылған спортсүйер қауымның қарасынан байқауға болды. «Намыс» спорт клубының жаттықтырушысы, осы спорт түрінен Республика чемпионы, Ербол МҰҚАНОВТЫҢ шәкірттері намысты қолдан бермеді. Турнирге Нұрсұлтан (Астана), Қостанай, Арқалық, Жітіқа-

ра қалалары мен Қостанай, Аманкелді, Әулиекөл, Қамысты аудандарынан 150 спортшы қатысты. Соның арасынан командалық есепте Арқалық қалалық «Намыс» клубы жүлделі 1 орынды жеңіп алды. Екінші орын Қостанай ауданы, 3-ші орын Қостанай қаласының еншісінде. Жекпе – жек шеберлері 15 -16, 17 – 18 және 19 жастан жоғары жас айырмашылықтары бойынша кім мықтыны анықтады. Жарыс қорытындысы бойынша 19 жастан жоғары қатысушылар арасында мына спортшылар чемпион болды: 55 келіде, Айдын ҚОНЫСБЕК («Намыс» клубы, Арқалық қ.), 60 келіде Данияр ФАЙЗОЛЛА («Сұңқар» клубы,

Қостанай), 65 келі салмақ дәрежесінде Ермебұлан ДӘУРЕН («Намыс» клубы, Арқалық қ.), 70 келіде Жастан Мұратұлы («Намыс» клубы, Арқалық қ.), 80 келіде Қайрат ҚАБДРАШ («Намыс» клубы, Арқалық қ.) және 85 келіде сынға түскен Вахид ТЕМІРБИЕВ (Қостанай қаласы).

Ашылғанына көп уақыт болмаса да, облыста ең үздік деп танылған Арқалық қалалық «Намыс» жекпе – жек спорт клубының жаттықтырушысы Ербол МҰҚАНОВ пен оның шәкірттерін жеңістерімен құттықтаймыз. Алда әлі де тағалай биік белестерді бағындыра беріңдер!

Дархан АМАНТАЙҰЛЫ